

Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

УНИВЕРСИТЕТІМ

Сүйкімді бүлдіршіндер мен ардақты ата-аналар!

Сіздерді 1-маусым Балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Адам өміріндегі ең үлкен бақыт – ұрпақ өсіріп, бала тәрбиелеу. Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы!

Балаларды қорғау дегеніміз – әрбір сәбидің тәтті ұйқысын, тыныштығын, шат күлкісін қорғау.

Бар жақсылығын балаларға арнап, олардың тәрбиелі, саналы болып ержетуіне қамқорлығын аямайтын мемлекеттің болашағы да жарқын. Жас ұрпағымыз аман болсын!

Аспандарыңыз әрқашан ашық болып, жүздеріңізден шат күлкі кетпесін! Дендеріңіз сау, жолдарыңыз жазық боп, Отанымыздың мақтанышы болуларыңызға тілектеспін!



Рамазан Жақсылық Жаршысы



Құрметті әріптестер!

Баршаңызды қасиетті Рамазан айымен шын жүректен құттықтаймын! Ниеттеріңіз қабыл болып, жүздеріңізден нұр, жүректеріңізден иман кетпесін. Отанымызбен отбасымызда тыныштық сақталып, Қазақстан азаматтарының ынтымақ-бірлігі арта берсін!
Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын, ағайын!

Қымбатты әріптестер мен студенттер! Қадірлі ардагерлер! Сіздерді 9-мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!



Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн.
Адамзат тарихында өшпес із қалдырған сұрапыл соғыстың аяқталғанына 72 жыл толды. Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағсымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Бұл мереке – батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын - ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, сарқылмас бақыт, бейбіт өмір мен береке-бірлік тілеймін!

Ізгі тілекпен,

С.Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық университетінің ректоры

А.Күрішбаев



Жеңіс күніне арналған салтанатты жиын



Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың Астана қаласындағы ескерткішіне салтанатты гүл шоғын қою рәсімі өтті. Іс-шара Ұлы Жеңіс күнінің 72 жылдығына арналды. Дәстүрлі жиынға соғыс және еңбек ардагерлері, ҚазАТУ ұжымы, Сарыарқа ауданы әкімдігінің өкілдері, қала тұрғындары мен мектеп оқушылары қатысты. Жиналғандар алдында Сарыарқа ауданының әкімі А.Тұрлыбек, ҚазАТУ Басқарма төрағасы А.Күрішбаев, Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Э.Ахметов сөз сөйледі. Олар ардагерлерді Жеңіс мерекесімен құттықтап, Отан қорғау жолындағы жанқиярлық ерлігі үшін алғыс білдірді. ҚазАТУ студенттері әскери әндерден құралған концерттік бағдарлама көрсетіп, қатысушылар салтанатты жағдайда қазақ халқының даңқты батыр қызы – Әлия Молдағұлованың ескерткіші алдына гүл шоқтарын қойып, ерлікпен көз жұмғандарды бір минут еске алды.



ҚазАТУ соғыс және еңбек ардагерлерін Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 72 жылдығымен құттықтады



Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ұжымы бүгін Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен еңбек ардагерлеріне арналған салтанатты шара өткізді. Шараға қатысушыларды оқу орнының Басқарма төрағасы Ақылбек Күрішбаев құттықтап, оларға сұрапыл соғыс жылдарында көрсеткен ерлігі, Отанымызды қорғауға қосқан үлесі үшін шексіз алғысын білдірді. 30-шы жылдардағы зұлматтан кейінгі қазақтың басына түскен екінші бір сұрапыл қырғын осы Ұлы Отан соғысы болғандығы мәлім. Бұл соғыста **1 миллион 366** мың қазақстандық майданға барып, **497** адам Кеңес Одағының Батыры атанды.



Соғыс жылдары елімізде 460 өндіріс майданның мүддесіне жұмыс істеді, онда өте ауыр жағдайға қарамастан, отандастарымыз күн-түн демей еңбек етті. Ұлы Отан соғысында құйылған әрбір қорғасын оқтың үштен екісі Қазақстанда жасалды. Аяғын енді басқан баладан бастап, аналарымыз, әжеселеріміз, еңкейген қарттарымыз әрбір уыс бидайды ысырапсыз жинап, өздерінің ауыздарынан жырып, майданға жөнелтіп отырды. Олардың ерліктері біздің жүрегімізде мәңгі сақталады!»-деп атап өтті ҚазАТУ басшысы.

Университет ұжымы ардагерлерге арнап мерекелік дастархан жайып, студенттер өз өнерлерін ортаға салды. Мерекелік дастархан басында сонау сұрапыл жылдарда халықты жеңіске рухтандырған әндер шырқалды. Ардагерлер университет жанында жұмыс істеп жатқан зертханалардың, ет-сүт

өнімдерін шығарумен айналысатын цехтардың жұмысымен танысып, оқу орнының қабырғасында еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап болып жатқан оң өзгерістерге ризашылығын білдірді. Олар өскелең ұрпаққа бейбіт аспан астында, тәуелсіз елде тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп, абыройлы азамат болып қалыптасуларына тілек білдіріп, баталарын берді. Жылда қалыптасқан дәстүрге сай ардагерлерге қаржылай сыйлық және азық-түлік себеттері табыс етілді. Денсаулық жағдайына байланысты салтанатқа қатыса алмаған қарттарды Жеңіс мерекесі қарсаңында ұстаздар мен студенттер жеке құттықтайды.



Спасибо за свободу...

Сидит бабуля за столом,
Седая, слезы на глазах.
Листает свой фотоальбом,
И подступает Страх.

На фото молодые, веселые девчонки,
И нет в глазах их страха
И на руках мозолей.

Но кто же мог подумать,
Что через пару лет.
Пойдут они работать
Туда, где света нет..

Пошли они все в тыл
Трудиться для народа.
Что бы солдат зимою не застыл,
Всю ночь строчили форму.

И днем, и ночью на работе,
Не глядя на часы,
Крутятся порой, в своей заботе,
Не замечали молодости дни.

Прошли года, народ все смог,
Война закончена, и баста.
Ведь дух страны не капельку не слег,
И в сердце вера не угасла.

Спасибо, Вам, всем тем, кто жил
Не глядя на печали и незгоды.
Тем, кто путь к свободе проложил,
Оставив в сердце боевые эпизоды.

Спасибо, ветеранам
Кто в поле боя был.
Спасибо труженикам тыла,
Кто путь к победе проложил.

И мы должны всю жизнь помнить,
И быть в долгу пред Вами,
За то, что можем в мире жить,
И будущее строить свое сами.



Тельтаева Акерке.
ВиТЖ, ТППЖ 115



Укубаев Темирлан


Будь сильным, друг

Будь сильным, друг,
Если беда нагрянет вдруг,
И загонит тебя в круг,
Друг, не опускай ты рук.

Борись со злом,
И выиграй битву,
Не нужна нам здесь молитва,
Ведь все кончается добром.

Ты сильный духом,
Так не поддайся гадким слухам.
Ты крепок телом,
Так докажи не словом, делом.

Я верю, ты победишь,
От злобы, родных оградишь.
Хоть будет тьма вокруг,
Я буду с тобою, друг.





Исенов
Султанбек Сансызбаевич
декан энергетического
факультета

Сколько лет Вы работаете в КазАТУ? Как начиналась Ваша трудовая деятельность?

В нашем университете работаю с 2010 года. Свою трудовую деятельность начал в 2003 году в ПГУ им. С. Торайгырова заведующим лабораториями, ассистентом, после окончания магистратуры и аспирантуры, старшим преподавателем, ассоциированным профессором.

С 2013 года работаю в должности декана энергетического факультета.

Каков спектр образовательных услуг на сегодняшний день в университете? Практикуется ли метод зарубежных ВУЗов во время планирования учебной программы?

На сегодняшний день энергетический факультет ведет подготовку по четырем специальностям бакалавриата и трем специальностям магистратуры. При подготовке бакалавров и магистров используются элементы дуального обучения, в группах по специальности «Радиотехника, электроника и теле-коммуникации» ведется полиязычное обучение.

Каковы достижения Вашего коллектива в предверии 60-летия КазАТУ? Какие мероприятия планируются провести к юбилею ВУЗ-а?

В год 60-летия университета факультет планирует провести Республиканскую предметную студенческую олимпиаду, международную конференцию «Sibcon-2017». Университет будет представлен научно-техническим проектом на международной специализированной выставке «Astana EXPO-2017». Также планируются встречи с ветеранами факультета и с представителями производства, открытые лекции выпускников для студентов.

ЭКСПО-2017: уверенный шаг в будущее

Остались считанные дни до начала международной выставки ЭКСПО-2017 и вся страна находится в ожидании этого исторического момента. И мы решили провести небольшой экскурс для своих читателей, о том, какое значение имеет ЭКСПО в истории человечества и Казахстана, также проинформировать, какие интересные события нас ожидают в рамках выставки.

На протяжении трёх месяцев (с 10 июня по 10 сентября 2017 года) «ЭКСПО-2017» примет около 100 стран-участниц и 10 международных организаций. На всемирной специализированной выставке 2017 года странами-участницами будут продемонстрированы достижения и перспективы

в сфере использования возобновляемых источников энергии и такие их преимущества, как экологическая чистота, низкая стоимость эксплуатации и безвредность для окружающей среды. Для Казахстана «ЭКСПО-2017» станет знаковым событием: никогда раньше международная выставка подобных масштабов не проходила в странах Центрально-Азиатского региона и СНГ.

История Всемирной выставки насчитывает уже более 150 лет, и впервые она пройдет в государстве постсоветского пространства. За время своего существования международная выставка стала символом индустриализации и открытой площадкой для демонстрации технологических достижений и обсуждения общемировой повестки. Как мы отметили выше, в 2017 году в Астане речь пойдет об энергии будущего.



Внимание ЭКСПО всегда было направлено на самые актуальные проблемы общества. Великая выставка промышленных работ всех народов, которую принято считать первой Всемирной выставкой, прошла в 1851 году в лондонском Гайд-парке. С тех пор было проведено 66 таких мероприятий, и их большая часть проходила на территории США и Европы.

Выставка 1851 года справедливо названа важнейшей вехой в истории промышленной революции. Идея проведения подобных выставок, принадлежавшая британскому союзу ремесленников, прижилась, и они начали проходить на постоянной основе, с каждым годом набирая обороты и становясь более грандиозными и масштабными. Немногие знают, что знаменитую Эйфелеву башню начали строить специально для Всемирной выставки 1889 года в Париже в качестве входной арки на территорию экспозиции, расположенной во дворце Трокадеро. Также к проведению всемирных выставок были возведены лондонский Хрустальный дворец (уничтожен пожаром в 1936 году) и уникальный жилой комплекс Хабитат 67 в Монреале (темой выставки 1967 года были дома и жилое строительство).

Эстафету по проведению "Экспо" перенимали такие страны, как США, Испания, Италия, Франция, Япония, Корея, Бельгия, Бразилия, Китай и другие.

В рамках ЭКСПО-2017 гостям выставки будет предложена масштабная культурная программа с участием звезд мирового и отечественного искусства, таких как Пласидо Доминго, Федерико Пачотти, пройдут выставки произведений искусств из Казахстана, России, Китая, Египта, Франции и других стран-участниц. Также во время проведения ЭКСПО Астана станет центром проведения международных фестивалей и конкурсов: международного юнешеского конкурса им. Чайковского, финала конкурса молодых вокалистов «Опералия» и др. Любителей спорта ожидают зрелищные бои участников чемпионата Азии по каратэ, чемпионата мира по кокпар.

«Этноауыл», расположенный на ипподроме «Қазанат», даст возможность окунуться в цивилизацию кочевников. Национально-культурный комплекс познакомит посетителей с богатой историей, культурой, искусством и традициями казахского народа. В Этноауле будут проходить фестивали казахского музыкального и театрального искусства, мастер-классы декоративно-прикладного искусства, ремесленные и художественные выставки, фестивали этнической музыки, конно-спортивные мероприятия, соревнования по национальным видам спорта и другие мероприятия. Этноаул расположен на площади 2500 кв. м., который представляет собой единый этнический комплекс из 30 юрт.



Подробная информация

Единый круглосуточный Контакт-центр ЭКСПО-2017
1440 и 8 800 080 2017

Звонки в контакт-центр бесплатные для абонентов сотовой связи и со стационарных телефонов по всей территории Республики Казахстан. Вопросы можно задавать на казахском, русском, английском и французском языках. Вместе с тем, контакт-центр осуществляет приём обращений через аккаунты в социальных сетях Facebook (@contactcenter.expo2017), Twitter (аккаунт #c_center_expo), а также через мессенджер Telegram (@ContactCenterEXPO2017Bot) и на электронный адрес 1440@expo2017astana.com.

Контакт-центр будет действовать до 30 сентября 2017 года.



Біздің цехтың мүмкіндігі зор



Университетіміздің ауласында тұрған бірнеше цехты күнде көріп жүреміз. Сол түрлі цехтарға барып біздің студенттер кәсіптік тұрғыда білімдерін шыңдап жатады. Оны да сырттай білгеніміз болмаса, осы цехтардың мүмкіндігі мен оның қаншалықты өнім бере алатындығы жөнінде толық ештеңе біле бермейміз. Сол себепті арнайы «Ет және ет өнімдерін өңдеу цехына» барып, цех меңгерушісі Бақытжан Тұрғазыұлымен аз-кем сұхбаттасқан едік.

Цех қашан іске қосылды? Жалпы, осы цехтың ерекшелігі неде?

Цех 2016 жылдың қыркүйек айында іске қосылған болатын. Бұл цехты салу туралы жоспарды басшымыз Ақылбек Қажығұлұлы Дэвис (*UC Davis*) университеті ғалымдарына ұсынған. Сол ұсыныс жан-жақты қолдау тауып, бірден цех салу жұмысы басталып кетті. Айналасы бір жылға жетпейтін уақыт ішінде кәдімгідей толыққанды цех пайда болды. Бұл – қазіргідей озық технология заманында болашақ мамандар үшін таптырмас дүние. Себебі біздің студенттер теория арқылы оқығанын дереу практикалық түрде жүзеге асырады. Маман даярлауда бұл – аса үлкен жетістік. Бұрын біздің студенттер басқа мекемеге барып тәжірибеден өтетін. Енді, міне, университеттен шықпай-ақ барлығын өз көздерімен көре алады.

Цехқа толық бір топтың студенттері түгелдей келіп тәжірибеден өте ме?

Жоқ, бұл жерде тек 8-9 бала келіп тәжірибеден өтеді. Ал қалғандары арнайы аудиторияда отырып цехта жұмыс жасап жатқан студенттердің әр қимылын қадағалап отырады. Ол үшін цех бірнеше камерамен жабдықталған. Демек, студенттердің бірін бірі бақылап отыруына мүмкіндік береді. Егер шұжық жасап жатқан студент сәл қателік жіберсе, бақылаушы студенттер оның қателігін онлайн арқылы баяндап, іс қайта жалғасады.

Цехта жасалған шұжықтар не болмаса өзге де ет өнімдері сатылымға шығарыла ма?

Жоқ. Бірақ қазір біз 6 түрлі шұжық шығаруға арнайы сертификат алмақшымыз. Ол үшін өтінім берілді. Енді сол өтінім мақұлданса күніне 100 кг ет өнімінен түрлі шұжықтар жасап, арзан бағамен сатуға мүмкіндік аламыз. Бұл бір жағынан цех жұмысын жандандыра түсері анық.

Цехтың басқа қандай мүмкіндігі бар?

Мүмкіндік көп, егер осы жерге басқадай түрлі аппараттар қойсақ бәрін жасауға болады. Ол енді алдағы уақыттың еншісінде. Біз дәл қазір университет ғалымдары ойлап тапқан осы алты түрлі өнімге басымдық бермекшіміз. Жартылай қақталған «Аграрлық» шұжығы, «Жас ғалым», «ҚазАТУ ықыласы», «Студент» шұжықшасы, «ҚазАТУ дәстүрі», «ҚазАТУ дәмі» деген атпен алты түрлі өнім шығарып, оның сапасы мен дәміне мән беру университетіміздің басты назарында болмақ.



«Агро Лайф» командасы чемпион атанды

2017 жылдың 11 мамыры күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында факультетаралық Жайдарман ойындарының ақтық туры өтті.

Мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, әзілдер арқылы жастарға азаматтық-адамгершілік тәрбие беру.

Әділ қазылар алқасында 2014 жылғы Жоғары Лига чемпиондары, «Ұлттық құрама» командасының капитаны – Дүйсенов Бекзат, 2014 жылғы вице-чемпиондар, «Аграрка сарбаздары» командасының ойыншысы – Абдраймов Ануар, «Қызық орда» командасының ойыншысы – Қарамырзаев Бахытжан, «Қармақшы» командасының капитаны – Самалбеков Жандос және Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы А.А. Кукеева болды.

Бұл ойынның ерекшелігі: алғаш рет қыздар командасы басымырақ болды және «Сәлемдесу», «Биатлон», «Үй тапсырмасы», «Бір әуен аясында» атты кезеңдерден тұрды.

Финалдық ойын қорытындысы бойынша: ІІІ орынды ВЖМШТ факультетінің «Учхоз Сити» командасы, ІІ орынды Техникалық факультетінің «Тех ұлдары» иеленсе, «Чемпион – 2017» жүлдесін Агрономия факультетінің «Агро Лайф» командасы жеңіп алды.



ҚазАТУ-менің бағымды ашты

«ҚазАТУ-менің бағымды ашты», - дейді біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ердәулет.

Ердәулет осы жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 4 курсын Техникалық мамандық бойынша тамамдағалы отыр. Дәл қазір дипломдық жұмысының соңғы, қорытынды кезеңін пысықтауда.

Бүгінде жарқыраған жұлдыздар қатарында болмаса да, әр жерде ән шырқап, өзінің қабілетін көрсетіп жүрген Ердәулет кеше ғана қорытындыланған «Жастар жалыны» байқауының жүлдегері атанып отыр. Жалпы өзінің ұстанымы жақсы маман болу екен. Бірақ Ердәулеттің әнге деген құлшынысы басымырақ болып көрінгендіктен арнайы әңгімеге тартқанымызда, ол ән өнерін тек хобби ретінде алып жүретіндігін жеткізді. Ал өмірлік негізді білімнен табуды көздейді. «Дегенмен, ән айту да – жақсы дүние. Мен алғаш рет осы университеттің бірінші курсына түскен кезден бастап түрлі сахналарда ән айта бастадым. Университет атынан шығып талай конкурстарда жүлделі орынға ие болдым. Кейде былайғы жұрт көшеде де танып жатады. Ол кезде өзінді ерекше бақытты сезінесің. Бірақ білім алу, білім нәрімен сусындау мен үшін одан да үлкен бақыт деп ойлаймын», дейді.

Ол осы жылы да, алдыңғы жылы да университет тарапынан Франция еліне барып, арнайы білімін жетілдіріп қайтқан болатын. Тіпті ол жақта жүріп те Франция сахнасында ән айтып, екінші қырынан танылған. Француз еліне арнайы барған іс-тәжірибелік сабақта ол сол елдің жас ғалымдарымен бірлесіп кәдімгі пиязды дәл қалпында нәрін бойына сақтай отырып кептіріп, өңдеу саласында ғылыми жоба жазып шыққан.


Оқуды бітіре салысымен тағы да Француздар еліне арнайы жолдамамен аттанып кетпек. Ондағы мақсат – осы ҚазАТУ-да алған білімін шыңдап, магистратураға түсу. Реті келсе «Франция дауысы» ән байқауында бағын сынамақ.

Сәттілік саған, Ердәулет!..





Расширяем границы партнерства



Партнерские отношения КазАТУ им.С.Сейфуллина расширяются из года в год. Во втором семестре нынешнего учебного года группа студентов КазАТУ из 10 человек впервые в истории ВУЗа по программе академической мобильности отправились в город Якутск Республики Саха и обучаются в Якутской сельскохозяйственной академии. А 10 студентов этого учебного заведения успешно завершили семестр в нашем университете. Перед отъездом они поделились впечатлениями с нашими корреспондентами.

Гаврил Соловьев, студент 3 курса Якутской государственной сельскохозяйственной академии: По программе академической мобильности мы приехали в Казахстан впервые. Нас было десять студентов. Университет очень хорошо оснащен, здесь созданы все условия для того чтобы получить хорошие знания и приобрести практические навыки, необходимые для дальнейшей работы. Мы активно участвовали в общественной жизни учебного заведения наряду с местными студентами. Здесь ежедневно проводятся

различные мероприятия, такие как спартакиады, конференции, встречи с известными общественными деятелями, учеными, политиками. Все это оставило глубокий след во мне. Я уверен, что в будущем мы продолжим общаться с новыми друзьями, которых я приобрел здесь.

Анастасия Каплина, студент 3 курса технического факультета Якутской государственной сельскохозяйственной академии: Я проучилась здесь целый семестр. Мне очень понравилось, особенно то, что здесь большое внимание уделяется практике. Много времени мы проводили в производственных цехах, производили колбасу, йогурт. Я считаю, что получила бесценный опыт. Астана – очень красивый и молодой город. Здесь мы познакомимся со многими сверстниками, узнали много интересного о Казахстане. От имени всех участников программы я хочу поблагодарить руководителей наших ВУЗов за такую возможность.

Иван Николаев, студент 2 курса Якутской государственной сельскохозяйственной академии: Время, проведенное в Астане, для меня было незабываемым. Местные люди оказались очень гостеприимны, они по приезду сразу пригласили нас в гости, угощали национальными блюдами, как бауырсак, мясо по-казахски. Мы вместе праздновали Наурыз. Он напомнил мне наш якутский национальный праздник «иссык», который мы отмечаем в июне. Учебная программа была очень насыщенной. Кроме теоритического курса мы ездили в учебное хозяйство, занимались выращиванием аграрных культур. Хочу поздравить своих казахстанских сокурсников с успешным окончанием семестра и пожелать усехов. Верю, что связь между КазАТУ и нашей академией будут только укрепляться.



Көшекбай Жасұлан ВЖМШТ факультетінің 3-курс студенті

Мен қазақпын

Мен қазақпын, қазақ деп мақтанамын.
Жан емеспін жат жұртқа сатқан арын.
Қайрат, Ләззат, Сәбирам, Тұрарлардың,
Ерлігімен бүгінде мақтанамын.
Мен қазақпын, қазақпын, қазақпын мен.
Тәуелді емес ешкімге, азатпын мен.
Іші алтын, сыртынан шашылса да.
Сен білмеген сыры бар ғажаппын мен.
Қазақпын деп тағы да мақтанамын.
Бауырындай бөлетін жатқа барын.
Бір мен үшін төгілген баба қаны,
Бір мен үшін шұбырған Ақтабаным.

Мен қазақпын, данамын – Абаймын мен
Біліммен бағындырғам талайды мен.
Көзімді ашып танығам қазағымды,
Бесігімде жатып ақ санай білгем.

Мен қазақпын, қазақтың ұлымын мен.
Қырда шапқан тұлпардың құлыны ем.
Бағынбаспын, ешкімге бағынбаспын,
Тек қана бір Алланың құлымын мен.

Қазақпын орын алған жер бетінен,
Тайынар жауы сұсты келбетінен.
Сусындап Құрманғазы күйіменен,
Қорқыттың қобызымен тербетілем.

Қазағым деп өтеді күн де түнім,
Сарқылмаған байлығым дін мен тілім.
Ислам деп ғұмырын арнап өткен,
Мұхаммед пайғамбардың үмбетімін.



Сүмбіл шаш

Техникалық факультеттің 4-курс студенті

Өзіңіз жайында қысқаша мағлұмат бере кетсеңіз?

Өзім – Маңғыстау өңірінің тумасымын. Осы жылы ҚазАТУ-ды бітіріп, диплом алсақ деп жүрміз. Уақыт аз. Дипломдық жұмыс жазып жатырмын.

Әліқұл Қазына Алғаш рет осы оқу орнының табалдырығын аттағанда ештеңені білмедім. Тіпті таңдаған мамандығымды да жете зерттемедім деуге болады. Кейін бәрін түсініп білдім. Қазір өкінбеймін, керсінше қуанамын. Сонау батыстағы Маңғыстаудан Отанымыздың жүрегі соғып тұрған Астанамыздағы тамаша білім ордасы С.Сейфулин атындағы ҚазАТУ-да білім алып жатырмын. Мамандығым – «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы». Бұл – мен үшін мақтаныш.

Шашыңыздың ұзындығы қанша, өлшеп көрдіңіз бе?

Өлшегем жоқ, бірақ бір метрден асады. Шамамен 1 м. 15 см. болып қалар.

Шаш күтімі қиындық туғызбай ма?

Жоқ. Ешқандай қиындық туғызып жүрген жоқ, керісінше өзіме ұнайды. Кішкентай кезімнен бастап өсіргендіктен болар шаш күтімі өзімнің күнделікті әдетіме айналып кеткен. Сондықтан шаш күтіміне деп арнайы уақыт бөліп жатпаймын.

Құрбыларыңыз бен достарыңыздың сіздің шашыңыз туралы пікірі қандай?

Өртүрлі. Біреулері қиып таста десе, енді бірі қысартып жақсылап сәндеп қоймайсың ба?,- дейді.

Әркімнің пікірін тыңдай берсем, артынан өкінетін өзім боламын ғой, сондықтан ешкімнің пікіріне құлақ аспауға тырысамын.

Шашыңызды неше жасыңыздан бастап өсірдіңіз?

Есімде жоқ, бірақ жетінші сыныптан бастап толық өсіре бастадым. Тек ұшталып кеткен кезде ұшын қиып отырамын.

Болашақта қиып тастамайсыз ба?

Ондай ой мүлде жоқ.

Рахмет!



«Сергектік және денсаулық» спартакиадасы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында кәсіподақ комитетінің сыйлықтары үшін «Сергектік және денсаулық» атты дәстүрлі спартакиадасы өз мәресіне жетті. Биылғы оқу жылында спартакиада баскетбол (әйелдер), шағын футбол (ерлер), волейбол (әйелдер), волейбол (ерлер), шахмат, үстел теннисі, шаңғы жарысы және жазғы Президенттік сынақтар секілді спорт түрлері бойынша университеттің спорт клубы мен «Дене тәрбиесі» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізілді. 6 қаңтарда волейбол жарысымен

басталып, жазғы Президенттік сынақтар жарысымен өз мәресіне жеткен жарыстарға барлығы 627 адам қатысты. Спартакиада бағдарламасындағы соңғы спорт түрі жазғы Президенттік сынақтар сайысында жас шамасы топтары бойынша орта қашықтыққа жүгіру жарысына 116 оқытушы мен қызметкер қатысты. 8 спорт түрінен өткізілген спартакиада қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есептегі 1-орынды Ветеринария және мал шаруашылығы факультетінің командасы жеңіп алса, 2-орынды Экономикалық факультет және 3-орынды Техникалық факультет командасы иеленді. Спорт түрлері бойынша барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер университеттің кәсіподақ комитетінің бағалы сыйлықтарымен марапатталды.



Жаши юбиляры

*Бауэр М.Ш. - Заведующий кафедрой, профессор, 01.05.1967 г.
Алтайбаева А.Б. - Старший преподаватель, 22.05.1967 г.*

*Поздравляем вас с юбилеем!
От всей души желаем вам крепкого здоровья,
творческого долголетия, счастья,
добра и благополучия, новых добрых дел и
интересных плодотворных идей!*



*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Иманғалиев,
шығарушы редакторы - Б. Хабай, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,
редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,
Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.
Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.
Редакция авторлардың материалдарын редакциялауға немесе қысқартуға құқылы.*